



Sky-Dweller

Oyster, 42 мм, Oystersteel және ақ алтын

Sky-Dweller Oystersteel
және ақ алтын жасалған
Oyster Perpetual
жалбызды жасыл
циферблат
пен Oysterбілезігі.



ЖАЛБЫЗ ЖАСЫЛ ЦИФЕРБЛАТ

Таңғаларлық сипаттама

Анықтамалық уақыт – иесінің тұрғылықты жері немесе жұмысы бойынша уақыты – циферблатта ортасынан жылжу арқылы 24-сағаттық дискте бекітілген қызыл үшбұрыш арқылы көрсетіледі. Дисктегі межелік 24 сағатқа есептелген, бұл анықтамалық сағаттық белдеуде күндізгі және түнгі уақытты оңай анықтауға мүмкіндік береді.

Циферблат айналасындағы 12 терезенің біріндегі қою қызыл тіктөртбұрыш ағымдағы айды көрсетеді, бұл сарос жылдық күнтізбесінің таңқаларлық сипаттамасы. Бұл ерекше механизм 30 күндік айдың соңында күнді реттеуді ойлауды қажет етпейді және

сағат тағушының өмірін жеңілдетеді. Жылдық күнтізбе жыл бойы дұрыс ай-күнді көрсетеді. Тек бір рет 1 наурызда түзету қажет (ақпанда 28 немесе 29 күн ғана бар). Күн жергілікті уақытқа қосылған және саяхатшының жергілікті уақыт белдеуіне сәйкес автоматты түрде өзгереді.




НАУАЛЫ БЕЗЕЛЬ

Rolex қолтаңбасы

Rolex науалы безелі - айрықшалықтың белгісі. Бастапқыда Oyster безелінің функционалдық мақсаты болды: ол сағатқа судың өтіп кетпеуін қамтамасыз ету үшін безельді корпуста бұрау үшін қызмет ететін.

Сондықтан ол корпус артындағы оймамен бірдей болды. Сонымен қатар, арнайы Rolex құралдарын қолдану арқылы суға төзімділікті қамтамасыз ету үшін, ол корпусқа бұрап бекітілген. Уақыт өте, ойма эстетикалық элементке, Rolex бірегейлік белгісіне айналды. Қазір науалы безель - айрықшалықтың белгісі, әрқашан алтыннан жасалады. Sky-Dweller айналмалы безель, бұрамалы бастиек және

механизм арасындағы өзара әрекеттесу
механизмімен жабдықталған: бұл Ring Command
жүйесі пайдаланушыға сағат функцияларын бір-
бірлеп таңдауға және оларды оңай, жылдам және
қауіпсіз орнатуға мүмкіндік береді.




АҚ ROLESOR

Екі металдың кездесуі

Алтын жалтырауымен және асылдығымен бағаланады. Болат күштілікті және сенімділікті бейнелейді. Бірігіп олар өз қасиеттерінің өте тиімді тіркесімін құрайды.

Rolesor — Rolex бұйымдарындағы фирмалық ерекшелік, 1930 жылдардың басында пайда болды, ал 1933 жылы сауда белгісі ретінде шықты. Қазіргі уақытта ол Oyster Perpetual коллекциясының негізгі ерекшеліктерінің бірі.



OYSTER БІЛЕЗІГІ

Пішін мен функцияның алхимиясы

Sky-Dweller моделі Oystersteel болатынан жасалған сом түйінді Oyster білезігімен, ақ Rolesor нұсқасы болған кезде немесе сары Rolesor нұсқасы үшін Oystersteel және сары алтын біріккен Oyster білезігімен жабдықталады.

Oyster білезігінде безель астында орналасқан көзге көрінбейтін бекітпе жабдықталған, ол білезік пен корпустың мінсіз тұтасуын қамтамасыз етеді. Ол жиналмалы Oysterclasp түймелігімен жабдықталған және басқаларға ұқсамайтын, патенттелген Easylink

тез ұзарту жүйесі кез келген жағдайда қосымша жайлылықты қамтамасыз ете отырып, білезік ұзындығын шамамен 5 мм ұзартуға мүмкіндік береді.

Толығырақ техникалық деректер Sky-Dweller

Сілтеме 336934

Модель корпусы

Түрі

Oyster, 42 мм, Oystersteel және ақ алтын

Диаметрі

42 мм

Безель

Науалы, екі бағытта айналмалы Rolex Ring Command

Бұрамалы бастиек

Бұрандалмалы, екі есе суға төзімді Twinlock жүйесі

Кристал

Сызаттардың пайда болуына төзімді, жақұтты, күнін көрсету терезесінде Cyclops линзасы

Суға төзімділік

Суға төзімділігі 100 метрге / 330 футқа дейін

Механизм

Түрі

Perpetual, механикалық, автоматты түрде құлағынан бұрау, қос уақыт зоналары, жылдық күнтізбе

Калибр

9002, Rolex өндіру зауыты

Қуат қоры

Шамамен 72 сағат

Білезік

Түрі

Oyster, үшқатарлы сом түйіндер

Білезік материалы

Oystersteel болаты

Түймелік

Oysterclasp түймелігі, 5 мм дейін
ұзартылатын Easylink түйіні

Циферблат

Түрі

Жалбызды жасыл

Сертификаттау

Түрі

Дәлдігі жоғары хронометр
(механизмді корпусына орнатқаннан
кейін COSC + Rolex сертификациясы)

Толығырақ ақпаратты **Rolex.com** сайтында зерттеңіз және біліңіз

**Сауда белгілері, қызмет көрсету
белгілері, сауда атаулары, дизайн және
авторлық құқық тәрізді барлық
зияткерлік меншік құқықтары
қорғалған.**

Бұл веб-сайттағы қандай да ақпаратты
жазбаша рұқсатсыз көшіруге болмайды.
Rolex кез келген уақытта осы веб-сайттағы
модельдерді өзгерту құқығын өзіне
қалдырады.

